

Тілеубаев Ш.Б.¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: Shamek_09@mail.ru

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ СИПАТЫ ЖӨНІНДЕГІ ПІКІРТАЛАСТАР (1920-1930 жж.)

Аңдатпа

Аталған мақалада 1916 жылғы көтерілістің сипаты, шығу себептері мен салдарына, көтеріліс тұсындағы зиялылардың ұстанымы мен қызметіне, т.б. мәселелеріне байланысты 1920-1930 жылдардағы пікірталастар қарастырылады. Оның ішінде Қазақ өлкелік партия комитетінің ұйымдастыруымен 1931 жылы көтерілістің 15 жылдығына орай Қазақстанда Ф. Голощекин атындағы Комвужда өткен пікірталастағы көзқарастар мен ұстанымдар талдауға алынады.

Кілтті сөздер: 1916 жыл, көтеріліс, пікірталас, баяндамашы, революция, Орта Азия, Қазақстан.

Tleubaev Sh.B.¹

¹Candidat of historical sciences, Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan; e-mail: Shamek_09@mail.ru

DISCUSSIONS ABOUT THE NATURE OF THE UPRISING IN 1916 (1920-1930)

Abstract

This article discusses the discussions of 1920-1930 about the nature, causes and consequences of the 1916 uprising. It also analyzes the activities and positions of the national intelligentsia during the uprising, in particular the discussion held in the Komvuz of name Goloshchekin in the 1931 which was organized by the Kazakh Regional Committee of the party on the anniversary of the 15 th anniversary of the uprising.

Key words: 1916, uprising, discussion, presenter, revolution, Central Asia, Kazakhstan.

Тлеубаев Ш.Б.¹

¹к.и.н., Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан; e-mail: Shamek_09@mail.ru

ДИСКУССИИ О ХАРАКТЕРЕ ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА (1920-1930 гг.)

Аннотация

В данной статье рассматриваются дискуссии 1920-1930 годов о характере, причинах и последствиях восстания 1916 года. Также анализируется деятельность и позиции национальной интеллигенции в период восстания, в частности дискуссия прошедшей в Комвузе имени Ф. Голощекина 1931 году, который был организован Казахским краевым комитетом партии к юбилею 15-летия восстания.

Ключевые слова: 1916 год, восстание, дискуссия, докладчик, революция, Средняя Азия, Казахстан.

Қазақ халқының ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрестерінің бірі 1916 жыл ұлт-азаттық көтеріліс болып табылады. Советтік тарихнама тұсында бұл проблеманың идеологиялық конъюнктураға байланысты бұрмалауға ұшырағаны белгілі. Ал бұрмалауға советтік билік орнағаннан кейін көп уақыт өтпей-ақ 1930 жылдары басталған еді.

Көтерілістің сипатын, шығу себептері мен салдарын, т.б., мәселелерін зерттеу 1920-жылдары-ақ белсенді жүргізіле бастады. Осы кезеңде бұл тақырыпқа байланысты бірқатар еңбектер жарық көрді. Алғашқылардың бірі болып қалам тартқан Тұрар Рысқұлов болатын. Ол 1924 жылы жазған мақаласында: «Бұл қатыгездікпен басып-жанышталған жүздеген және мыңдаған қаналған халық бұқарасының отарлық қанауға қарсы көтерілісі» деп оның шығу себептері мен салдарларына, сипатына тоқтала отырып, көтерілістің отаршыл жүйе тарапынан аса қатыгездікпен басып-жаншылғанын атап айтады [1].

А. Миклашевскийдің 1924 жылы «Былое» журналында жарық көрген «Социальное движение 1916 года в Туркестане» деген мақаласында «1916 жылғы көтеріліс сипаты жағынан ұлттық күрес түрінде патша әкімшілігіне қарсы» бағытталған деген қисынды пікір білдіреді [2].

Г.И. Бройдо өзінің «Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году» атты еңбегінде «...көтеріліс жоғарғы патша әкімшілігінің арандатуымен қырғыздарды жойып, жерін тазарту арқылы үкіметтің отарлауын одан ары жалғастыру үшін жасалған әрекет...» - деп бағалайды [3]. Ф. Божко өзінің «Восстание 1916 года в бывший Туркестане» деген шағын еңбегінде «Қырғыздар мен түркімендердің бай-манаптары, ру көсемдері, кедейлердің ықпалымен халық арасына өздерінің беделін көтеру үшін көтеріліске басшылық жасады»-деген пікір айтқан еді [4]. Бірақ ол көтеріліске халықтың мүліктік жағдайына қарамай шыққанын, мұндай азаттық күреске халықтың әлеуметтік жіктеліске қарамастан мүдделі болғанын ескермейді.

Онымен салыстырғанда И. Чеканинскийдің 1926 жылы жарық көрген 1916 жылғы Жетісудағы көтеріліске байланысты еңбегінің маңызы зор деуге болады. Зерттеуші көтерілістің шығуы себептерін, сипатын, салдарын жан-жақты ашып көрсетіп, оның әлеуметтік экономикалық, саяси, рухани мәселелеріне мүмкіндігінше жақсы тоқталуға тырысқанын байқатады [5].

А.В. Шестаков пен Ә.Бөкейхановтың «1916 жылғы көтерілістің он жылдығына (1916 – 1926)» атты мақаласында атты мақаласында көтерілістің өзегінде жер мәселесі жатқанын сипаттай келе: «...Ресейде жердің бәрі байлардың, алпауыттардың қолында болған. Жерсіз мұжық алпауыттардың қолындағы жерді тартып алмақ болып неше қабат бас көтерген. Алпауыттың өзін айдап, өлтіріп, жерін тартып алып, отарын жағып жібере бастаған. Міне, осы қауіп-қатерден байларды, алпауыттарды сақтап алып қалмақшы болған, патша өкіметі ішкі Ресейдегі мұжықты қазақ-қырғыз жеріне қойдай айдаған... Бұл сықылды қозғалысты қорлықтағы өзге жұрттар құлағына сырға қылып таққаны оң болды. Жер үстінде бай мен жарлы табының тартысы күн санап өрттей дулап келеді. Өрт қиырға жайылып барады. 1916-шы жылғы қазақ-қырғыздың көтерілісі осындай өрттің тамызғысы болып шығады. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ер құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды!» - деп көрсетіп, азаттық алу үшін атқа қонып алға ұмтылып шықпаса бостандыққа жету мүмкін еместігін айтқан болатын [6]. Алаш зиялыларының бірі М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінде көтерілістің он жылдығына орай жазған мақаласында қазақ даласындағы 1916 жылдың мәселелеріне тоқтала келіп: «... "Сайланған сары әскер" қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді?!» - деген сұрақ қояды [7, 5 б.].

Қ.Сарымолдаев: «қазақтардың жерден ығыстырылуы, су пайдаланудағы келеңсіз құбылыстар, көш жолдарының бұзылуы т.б. әр қазақтың шаруашылығына әсер етіп, оларды бұл қанаудан құтылуға ойландырып көтерілістің шығуына алып келді» деген орынды ой айтады [8, 70 б.].

Т.Жүргенов 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «1916 жылғы қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық» атты мақаласында: «...1916 жылғы қазақ көтерілісі – ұлт /бөлек ел/ көтерілісі еді. Өйткені жоғарыда айтылған наразылықты тудырған үкімет озбырлығы, капитал құлдығы бүкіл қазақ еліне батты, бүкіл қазақ елі зорлық көрді.» - деп атап көрсетеді [9].

А.В. Шестаков 1916 жылғы оқиғаларға байланысты «Кейбір жағдайларда көтерілісті манаптардың, хандардың басқаруы феодалдық-рулық қатынастың күні өткендіктен қозғалысты артқа тартты» деп таптық тұрғыдан баға беруге тырысады [10, 12-14 бб.]. Оның айтқан ойымен келісе беруге болмас, өйткені көтеріліске шыққан халықтың ауқатты топ өкілдері де, қарапайым шаруалары да отарлық қанаудан құтылуға мүдделілік танытқан болатын.

1920-шы және 30-шы жылдардың басындағы зерттеу еңбектерде 16 жылғы көтерілісті ұлттаралық қақтығыс ретінде қарастыру да ашық байқалды. Мәселен, 1916 жылғы көтеріліс тарихынан құнды еңбектер жазып қалдырған қайраткер Т. Рысқұлов: «...16 жылғы оқиғалар кей жерлерде шиеленіскен сипат алып, жергілікті халықтың ашу-ызасы оқиғаға кінәлілерге ғана емес, өлкеге қоныстандырылған шаруа бұқарасына да қарсы бағытталды»-деп көрсетеді [11, 71 б.].

Қырғыз халқының қайраткері Ж. Абдрахманов мақаласында «көтеріліс орыстарға қарсы бағытталды» деген пікір айтты [12, 27 б.].

1916 жылғы көтеріліске байланысты жасалып жатқан мұндай тұжырым кеңестік жүйенің ресми идеологиясына әрине, ұнай қойған жоқ. Сондықтан-да, бұл бағыттағы пікірлерді шектеу мақсатында болса керек, 1931 жылы БК(б)П-ның Ортаазия Бюросы мен Революцияның Орта Азиялық ғылыми зерттеу институтының насихат бөлімінің даярлауымен Орта Азиядағы 1916 жылғы көтерілістің тарихын қай бағытта жазу керектігі айқындалған тезистері жарық көрді. Онда: «Орта Азия республикаларындағы социалистік құрылыстың жетістіктері ресей пролетариатының басшылығы мен қолдауына сүйенген еңбекші бұқараның – империалистермен, феодалдармен, жергілікті буржуазия-мен, байлармен, кулактармен жүргізген ұзақ әрі табанды революциялық күресінің нәтижесінде келді. 1916 жылғы көтеріліс бұл жолдағы маңызды кезең болды.»-деп атап өтіліп оның алғышарттары, сипаты мен қозғаушы күштері, т.б. мәселелері ендігі уақытта қалай баяндалуы қажет екені негізделіп, большевиктік идеологияға сәйкес келетіндей «бағыттары» көрсетілген болатын [13, 9 б.].

Осы көрсетілген «бағыттар арнасында» 1931 жылы көтерілістің 15 жылдығына орай Қазақстанда Ф. Голощекин атындағы Комвужда пікірталас өтті. Ол пікірталас өзінің қарама-қайшылықты, күрделі ерекшеліктерімен сипатталады. Онда көтерілістің шығу себептері, сипаты, маңызына, көтеріліс тұсындағы зиялылардың ұстанымы мен көзқарасына, қызметіне, т.б., мәселелерге қатысты С. Меңдешев, И. Қабылов, І. Құрамысов, Ж. Арыстанов, Тәжібаев, Д. Смирнов, Савинский, Слесарев, Павлов, т.б., баяндамалар жасап, қызу пікір талас болады. Біздің қолымызға осы пікірталастың ҚР Президенті архивінің қорында сақталған 20, 24 тамыздағы және 7 қазандағы стенограммалық нұсқасы түскен еді. Енді осы пікірталаста айтылған мәселелерді талдауға алып көрелік.

Бұл пікірталаста негізгі баяндаманы Сейітқали Меңдешев, қосымша баяндаманы Ильяс Қабылов жасайды. С. Меңдешев баяндамасында қара жұмысқа алынғандардың кейінгі тағдыры белгісіз, олар туралы деректер тапшы екендігін, сонымен қатар жергілікті материалдардың зерттелмей жатқанын айта келіп көтерілістің сипатына тоқталып: «Міне сол себепті, 1916 жылғы қазақтардың көтерілісін патшалық Ресейдің империалистік отаршылдық саясатына қарсы болған ұлт-азаттық қозғалысқа жатқызығанымыз жөн. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда көтерілісті Ресейде туындап келе жатқан революцияның құрамдас бөлігі болды деп есептеуге болады.

1916 жылғы оқиғаларды бағалау барысында ұлы-державалық шовинистік және ұлтшылдық пікірлер үстем болып отыр. Шовинистер 1916 жылғы көтерілісті қазақ бұқарасының қараңғы, санасыз бөлігінің өздерін ренжіткендерге, жергілікті үстем тап өкілдеріне қарсы көтерілісі ретінде қарастырып және жалпы революциялық күрес үшін оның ешбір маңызы болмады деп көрсетті. Шовинистердің берген бағасы осындай. Жергілікті ұлтшылдар керісінше – 1916 жылғы көтерілісті пролетарлық революцияға қарама-қарсы қояды, өйткені, пролетарлық революцияның ешбір азат ету мақсаты болмаған, ешбір ұлтты азат ету де мақсаты да жоқ, ал 1916 жылғы көтеріліс – бұл таза ұлт-азаттық қозғалыс деді. Ауытқушылардың бағасы осылай. Екеуі де дұрыс емес. Бұның бәрін бүгіндері түбірімен жоққа шығару қажет, осы мәселе бойынша пікір таласта жолдастар өз ойларын айтуға тиіс. Бұл бағалаулар 1916 жылды большевиктердің бағалауымен ешбір сорпасы да қосылмайды. Мен 1916 жылғы оқиғаларды қалай қарастыру керектігі туралы айтқанмын. Бұл ұлт-азаттық қозғалыс – бұл пісіп жетілген революцияның құрамдас бөлігі. Бұл көтеріліс Ресей империализмінің дағдарысы кезеңінде пайда болды»-деп бағалайды [14, 2-5 п.].

Қосымша баяндамашы Қазақстанда большевизмді белсенді насихаттаушы маркстіл жастардың бірі Ильяс Қабылов көтерілістің сипатына байланысты: «1916 жылғы көтеріліс, өз кезегінде, Қазақстандағы Қазан төңкерісінің дайындығы болды... 1916 жылғы көтеріліс жеңіске жетудің осы жолындағы басты репетициясы болды. 1916 жылы Қазақстандағы бүкіл ұлт-азаттық күрестің тарихында алғаш рет еңбекші бұқараның барлығы дерлік ресей патшалағы мен империализміне және олардың қанау жүйесіне, жергілікті сатқын ортағасырлық байлар мен олардың идеологтары алашордашыларға қарсы жаппай көтерілді. 1916 жылғы көтеріліс жеңіске жетпеді, бірақ Қазақстандық қазан төңкерісінің жеңісіне және қазақ еңбекшілерінің капитализмді аттап өтіп, социалистік даму жолына түсуіне дайындық жасады»- деген береді [14, 18 п.].

Пікірталасқа қатысқандардың бірі Ж. Арыстанов: «Міне сондықтан да 1916 жылғы көтерілісті, біріншіден, ұлт-азаттық күрес деп есептеймін, екіншіден, ол ортағасырдың қалдықтарын және ортағасырдың ең бір қиырдағысының қалдықтарына қарсы бағытталған көтеріліс – сондықтан ол буржуазиялық-демократиялық, үшіншіден, ішкі таптық қайшылықтарға

ие болғандықтан, бұл қозғалыс буржуазиялық-демократиялықтан пролетарлық революцияға ұласуға тиісті еді» - деген пікір айтады [14, 24 п.].

Бұл баяндамашылардың да, олардан кейін жарыссөзге қатысқан басқалардың пікірлерінен де ұлт-азаттық көтерілістің сипатын, алаш зиялылары мен көтеріліске жетекшілік жасаған ауқатты топ өкілдерін біржақты бағалауға басымдық берілуі сол кезеңде мықтап үстемдік ала бастаған кеңестік идеологияның тар таптық ұстанымын байқау қиын емес.

Пікірталасқа қатысқан Слесарев болса көтерілістің кейбір аймақтық ерекшеліктеріне тоқтала келіп, Жетісудағы көтеріліске қатысты: «Если взять вторую сторону оценки восстания, то характер восстания в отдельных местах, хотя он и носил националистический характер, имеет известную разницу. В Тургайской области, где имели места репрессии со стороны правительства, восстание шло против представителей царской власти. Там, где царская власть действовала при помощи крестьян колонизаторов, - это восстание выражалось в форме противодействия против самого крестьянства, и эта форма была ужасна» - деп айта келе Куропаткиннің мәліметіне жүгіне отырып, екі жақтан да қасап-қырғын болғанын ашық айтады [14, 35 п.].

Ең бір қызығы, Жетісулік орыс тұрғындары жағынан шамамен 3 мың адам қаза болса, ал қазақ тұрғындарынан 30 мың адам қаза тапқан. Егер де уездегі осы жағдайдың неге ұрындырғанына тоқталар болсақ әр учаскеден көшіп кеткені немесе хабар – ошарсыз кеткені бар түгін саны жалпы, шамамен 150 мыңға жеткен. Міне осы бөліктегі қазақтар үшін көтерілістің нәтижесі сұмдық болды, Қытайға бағыт алған қазақтар жан жағынан тонау мен қырғынға ұшырап, тіпті кері де қуылды. «Это было ужасное истребление, напоминавшее истребление калмыков.» - деп көтеріліске бірге шыққан бауырлас қазақ және қырғыз халықтары мен келіссек орыстардың арасында ұлтаралық шиеленістің орын алғанына көңіл бөліп, көтерілістің асқан қатыгездікпен басып-жаншылғанын айтып оны «қалмақтардың жойылып кетуімен» салыстыра отырып, сонымен қатар көтеріліс барысында өлкеде ұлтаралық қақтығыстың орын алғанын ашық мойындайды [14, 32 п., 43 п.].

Келесі сөз алған баяндамашы Павлов: «Бұл езгідегі және жартылай отарлықтағы Шығыс халықтарының буржуазиялық-демократиялық, ұлт-азаттық қозғалысының өрістеп келе жатқан толқыны. Бұл қозғалыс ішкі тәртіптермен де ушыға түсті...» - деп 1916 жылғы қозғалыс шамамен 1905 жылы басталған отарлық езгіден қаналған Шығыс халықтарының ұлт-қозғалысымен ортақ, ниеттес болған, ішкі тәртіптермен шиеленіскен қозғалыс екендігіне көңіл бөледі [14, 44 п.].

Одан кейін сөз алған Тәжібаев: «1916 жылғы көтерілістің шынайы пайдасы – еңбекшілердің өздерінің таптық мүддесін ұғынуға қол жеткізгендігінде...»-деп үстемдік еткен таптық мүдде сарынында сөйлейді [14, 70 п.].

1931 жылдың 7 қазанында болған пікірталаста жарыссөзге қатысып 1916 жылғы көтерілістің сипаты мен қозғаушы күштері туралы баяндама жасаған Д. Смирнов бастапқы баяндамашылар мен қосымша сөйлегендердің пікірлеріне, жалпы көтерілістің сипатына тоқтала келе: «Бұл көтеріліс өзінің сипаты мен мақсаты жағынан патшаға қарсы ұлттық революциялық соғыс болды, және де негізінен басым түрде шаруалардың ұлттық соғысы деуге болады, өйткені ұлттық буржуазия мен интеллигенция орыс империализмінің қызметшісі болып, сатқындық көрсеткен еді.

Екіншіден, 1916 жылғы көтеріліс империализм мен пролетарлық революция дәуіріндегі азаматтық және ұлт-азаттық соғыстың бір бөлігі болды. Сондықтан, субъективті жағынан да, объективті жағынан да бұл қозғалыс шын мәнінде терең прогресстік және революциялық болды...» - деп 1916 жылғы көтеріліске «революциялық» сипат беріп, көтерілісті қолдамаған ұлт зиялыларын таптық партиялық ұстаным тұрғысынан айыптай сөйлейді. Бұл «көсемсөзшінің» пікірінің дұрыс еместігін бүгінгі таңдағы тың зерттеулер көрсетіп отыр белгілі [14, 62-72 пп.].

Дискуссия материалдарында 16 жылғы көтеріліс ұлтаралық қайшылықтар көрінісі емес, басым түрде әлеуметтік-таптық мүдделер қақтығысы ретінде, соған сәйкес Октябрь социалистік революциясына қоғамды даярлаушы фактор есебінде қарастырылды.

1930-шы жылдары 16 жылғы көтерілісті ұлтаралық қақтығыс ретінде, түркістан халықтарының орыс отаршыларына қарсы бағытталған азаттық жолындағы ұлттық қозғалысы тұрғысынан қарастырған авторлардан, әрине М. Шоқайды ерекше атаған жөн. Ол «1916 жылғы көтерілістер, «Қоқан автономиясы» және «басмашылар әрекеттерімен» қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады. ...«16-жылғы қозғалыс жалпы алғанда ұлттық қозғалыс еді» деп жауап беруге болады. Онда таптық күрестің елесі де жоқ еді.»-дей келіп «...нағыз большевиктердің өздері де 16-жылғы көтерілісті қанша зерттесе де, Түркістан халқы арасынан таптық күрестің елесін де таба алмаған болатын. ...осы көтерілісті зерттеген орыстың нағыз большевиктерінің өздері де бұл қозғалыстың

Ресейге және орыстыққа қарсы жалпы халықтық сипатта өрістегенін теріске шығара алмаған еді»- деп көрсетеді [15, 192-193 бб.].

Қорыта келе айтарымыз, түркістан халықтарының, оның ішінде қазақ халқының 1916 жылғы көтерілісі большевиктердің 1917 жылы жасаған Қазан төңкерісіне еш қатысы да және онда ешқандай таптық сипатта жоқ еді. Бұл көтеріліс Ресей империясының өлкеде жүргізген отаршылдық саясатының салдарынан әбден қаналып, езілген елдің ішінен буырқанып қайнап шыққан-ды.

Бұл түркістандықтардың өздерін ұлт ретінде сезініп, отаршыл орыс империясы тарапынан төнген қауіпке қарсы тұрып елдік мүдделерін қорғауға даяр екендігін көрсеткен және сол тарихи кезеңде ұлттық бірегейлігін сақтау жолындағы күресі болатын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Рыскулов Т. Из истории борьбы за освобождение Востока (Восстание туземцев Туркестана против царизма в 1916 году) // *Новый Восток*. – 1924. - Т. 6. – С. 267.

2 Миклашевский А. Социальное движение 1916 года в Туркестане // *Былое*. – 1924. - № 27-28. – С. 255.

3 Бройдо Г.И. Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году // *Новый Восток*. – 1924. – Кн. 6. - С. 434.

4 Божко Ф. Восстание 1916 года в бывший Туркестане. К 10 – летию восстания. – *Ташкент*, 1926. – С. 11.

5 Чеканинский И. Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года. – *Кзыл-Орда: Издание Общество Изучения Казахстана*, 1926. – С. 135.

6 Қыр баласы. (Ә.Бөкейхановтың бұркеншік есімі – Ш.Т.) Шестаков. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына. 1916 – 1926. – *М.*, 1926.

7 Дулатов М. 1916 жыл // *Еңбекші қазақ*. – 1926. - № 145.

8 Сарымолдаев К. Мое воспоминание о восстании казаков Меркенского района в 1916 году // *Красный Казахстан*. – 1926. - № 2-3.

9 Жүргенов Т. 1916 жылғы қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық // *Еңбекші Қазақ*. – 1926, сентябрь – 30.

10 Шестаков А.В. Спорные вопросы восстания в Средней Азии в 1916 году // *Коммунистическая мысль*. – 1927. - № 4.

11 Рыскулов Т. Восстание туземцев в 1916 году: в 2 ч. – *Кзыл-Орда: Издание комиссии при КазЦИК-е*, 1927.

12 Абдрахманов Ю. Незабываемая годовщина // *Советская Азия*. – 1931. - № 5.

13 Восстание 1916 года в Средней Азии // *Тез. культурно-Средазбюро ЦК ВКП(б) и САНИИР к 15-й годовщине восстания*. – *Ташкент*, 1931. - С. 11.

14 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. - 811-қ., 20-т., 752-іс,

15 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі // *Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 т.* – *Алматы: Қайнар*, 2007. – Т. 1.